

**«Ақтөбе облысының білім басқармасы Ырғыз ауданының білім бөлімі»
мемлекеттік мекемесінің Т.Жаманмұрынов атындағы ЖББОМ»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кезектен тыс қамқоршылық кеңесінің
№3 хаттамасы**

05-маусым 2024 ж.

Аманкөл ауылы

Қатысқандар саны - 10 адам

Шақырылғандар: -10 (өзін-өзі бағалау комиссия мүшелері)

КҮН ТӘРТІБІ

1. «Т.Жаманмұрынов атындағы ЖББ орта мектебі» КММ директоры
Ж.А. Қуандықов мектепте өзін - өзі бағалау жұмысын жүргізу қорытындысы
туралы есебін тыңдау.

ТЫҢДАЛДЫ:

2. Құлжабаева Ш- қамқоршылық кеңесінің төрайымы

Бүгінгі күн тәртібіне қойылған мәселе бойынша таныстырып, Т.Жаманмұрынов атындағы ЖББ орта мектебінің 2024 жылдың 15 сәуір мен 31 мамыр аралығында өзін-өзі бағалау жұмысы жүргізілгенін атап өтті. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелерімен таныстыруға сөзді мектеп директоры Ж.Қуандықовқа берді.

СӨЙЛЕУШІ:

Ж. А. Қуандықов -өзін-өзі бағалау комиссиясының төрағасы, мектеп директоры

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» № 486 бұйрығының 2- тарау 3-тармағының 1,2- тармақшаларына сәйкес Т.Жаманмұрынов атындағы жалпы білім беретін орта мектебінде кезектен тыс өткізілген №5 педагогикалық кеңесінің шешімімен 2024 жылдың 15 сәуір - 15 мамыр аралығы өзін-өзі бағалау кезеңі деп танылып, өзін-өзі бағалау жүргізу үшін жоспар құрылды. Жоспарға сәйкес комиссия құрамы бекітіліп, комиссия мүшелері арасына тапсырмалар бөлініп берілді. Өзін-өзі бағалау кезінде білім беру қызметіндегі нормативтік –құқықтық актілермен жеке қолданыстағы құқықтық актілер зерделенді. Мектепке дейінгі оқыту мен тәрбиелеудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына **«жақсы»** деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді) Мектеп қызметіне өзін-өзі бағалау барысында педагог кадрлардың тиісті бейінін анықтайтын құжаттарының үлесі, біліктілік санаттары бойынша үлес пайызы, біліктілігін арттыру курстарынан өткен педагогтердің үлесі, мемлекеттік тіркеу тізіліміне сәйкес жабдықтармен және жиһазбен жарақтандырылуымыз, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін жасалған жағдайлар, оқу- әдістемелік кешендермен қамтамасыз етуіміз сәйкестігі бағаланды. Мектеп педагогтары мен 4-9 класс білім алушыларының ата-аналарынан және мектеп алды даярлық класының тәрбиеленушілердің дайындық деңгейіне ата-аналардың пікірін білу үшін, сапалы оқыту мен тәрбиелеу үшін жағдайдың жасалу деңгейін анықтау үшін педагогтерден онлайн сауалнамалар

алынды. Сонымен қатар, білім, білік және дағды сапасын бағалау үшін 4,9 класс оқушыларынан тест алынды. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарының қызметін бағалауға арналған өлшемшарттарына сәйкес жоғарыдағы көрсетілген мазмұнда бағалау парағы толтырылып, білім беру қызметтерін көрсету сапасына «үздік» деген қорытынды берілді. (слайдпен бағалау парағы көрсетілді).

Қамқоршылық кеңесінің мүшесі Р.Арықбаева мектептің қызметіне жүргізілген өзін-өзі бағалау жұмыстарына қанағаттанатынын, сонымен қатар, қазіргі таңдағы «Педагог-зерттеуші» мұғалімдеріміз жетістіктерін көбейтіп, оқушыларын республикалық, халықаралық байқауларға қатыстырып, «Педагог-шебер» санатына жоғарлауына ұсынысын білдірді.

Мектеп директоры Ж.А.Қуандықов айтылған ұсыныстар бойынша Р.Арықбаеваға 2024 жылдың көктем мезгіліндегі облыс бойынша жарияланған төтенше жағдайға байланысты педагогтерді аттестациялау кейінге шегерілгенін айтып өтті.



Қамқоршылық кеңесінің төрайымы Ш.Құлжабаева өзін-өзі бағалау жұмыстарының берілген қорытындысын қолдайтындығын, ерекше білім берілуіне қажеттілігі бар адамдар үшін ғимаратқа тактельный тақта орнату керектігін атап өтті.

Мектеп директоры Ж.Қуандықов бұл мәселеде мектебімізде ерекше білім беру қажет ететін оқушылармыз бар, бірақ ол оқушылар тактельді тақтаны қажет етпейтінін айтты, жалпы мектебімізде мүгедектерге арналған сегнализация, пандус бар, ал сіздің ұсынысыңыз бойынша тактильді тақта орнату алдағы уақытта жоспарда бар.

Күн тәртібіне қойылған мәселе толық тыңдалып, талқыланып

ШЕШІМ ЕТТІ:

1. Мектеп басшысының өзін-өзі бағалау жөніндегі есебінің нәтижелері «жақсы» деп бағалансын.
2. Т. Жаманмұрынов атындағы ЖББ орта мектебінің өзін-өзі бағалау жұмысының қорытынды анықтамасы мектептің интернет - ресурсында уақытылы жариялансын.
3. Қамқоршылық кеңесінің шешімі мектептің интернет-ресурсында жариялансын.

Кеңес төрайымы:  Құлжабаева Ш.
Хатшы:  Калиев Ш.

Кеңес мүшелері:  Арықбаева Р.
 Өрікбаев Бағдат
 Көбенова Света
 Куандықова Шынар
 Ербатырова Бағзира
 Байнияз Кенішбай
 Ошақбай Бақытқали
 Үмбетбай Бексұлтан